

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша «философия докторы» PhD дәрежесін алу үшін жазылған Махаш Гаухар Абдуғаппарқызының «XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби сыны және оны оқыту әдістемесі (1960-1990 жылдар)» атты диссертациясының қолжазбасына рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми сұраныстарына) байланысы

Тәуелсіздік жылдары қазақ әдебиеті тарихы мен сынын зерттеу бағытында тың ой-пікірлер жазыла бастады және қазақ әдебиеті дамудың жаңа сатысына қадам басты. Расында, қазақ әдебиетінің тың табыстарға жетуімен қатар қазақ әдеби сыны да жан-жақты дамып, жанрлық түр, бағыт-бағдар, мақсаты жағынан да біраз өзгерістерімен ерекшеленді. XX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдеби сыны жеке ғылым ретінде биік деңгейге көтеріліп, ұлттық әдебиеттің даму кезеңдері мен көркем әдебиет жанрлары жөнінде көптеген іргелі ғылыми зерттеулер жүргізілді. Ұлттық әдеби сынның тууы мен даму ерекшеліктері, қазақ әдебиеті сынының тарихын жүйелеу, жанрлық сипаттарын айқындау бағытында ондаған зерттеу еңбектері жарияланғаны белгілі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қайта қарқын алған әдеби сын майданында М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, С.Сейітов, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Ш.Елеукенов т.б. ғалымдар мен жазушылар қалам тербесе, бұл бағытты Р.Нұрғалиев, С.Әшімбаев, З.Серікқалиев, Т.Тоқбергенов, Д.Ысқақов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, Б.Ыбырайымұлы, Т.Шапай, т.б.сыншы-ғалымдар сәтті жалғастырып, елеулі еңбектер, сүбелі сын мақаларын жазды. Демек, осы тұрғыдан алғанда Махаш Гаухар Абдуғаппарқызының «XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби сыны және оны оқыту әдістемесі (1960-1990 жылдар)» атты диссертациясы қазақ әдеби сынының өткен ғасырдағы жеткен биігі мен бүгінгі деңгейін, кемшіліктері мен олқы тұстарын саралап көрсету орайында айтарлықтай маңызды әрі өзекті болып табылады. Сонымен бірге әдеби сын бағытындағы ғылыми еңбектер қазақ әдебиетінің қалыптасу жолдары мен идеялық, көркемдік-эстетикалық мазмұнын саралап, алдағы күндердің бағыт-бағдары мен маңызды мақсаттарын айқындауда айтарлықтай мәнге ие.

Бүгінгі таңда XX ғасырдың екінші жартысындағы кезең қазақ әдебиетін тарихи-салыстырмалы, теориялық және әдеби сын тұрғысынан зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектері арнайы қарастыру – уақыт талабы. Әділін айтқанда, оларды заманауи ғылым биігінен танып, білу арқылы белгілі бір кезеңдегі қазақ сөз өнерінің жетістіктері мен кемшіліктерін дөп басып саралауға мүмкіндік туады.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде қай салада болмасын маманның кәсіби білімі мен іскерлігіне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл талап болашақ маманның жоғары оқу орнында игерген білімдерінің, құзыреттіліктерінің сапалы болуын көздейді.

Бұл орайда да Махаш Гаухар Абдуғаппарқызының қорғауға ұсынып отырған диссертациялық жұмысының өзектілігі интеллектуалдық әлеуеті жоғары педагогтерді даярлау бағытында айқын көрінеді. Зерттеу нысанына алынған ғылыми тақырып, ең алдымен әдебиеттану, әдеби сын салаларымен тығыз сабақтасып жатса, екінші жағынан, оны оқытудың философия, психология, педагогикалық және әдіснамалық негіздері айқындалған жаңаша әдістемесі ұсынылған. Бұл зерттеу мәселелерін өзге ғылымдармен өзара пәнаралық байланыста жазылғанын дәлелдейді. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми сұраныстарына) байланысына дәлел болады.

2. Диссертацияға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағына және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Зерттеу жұмысында тақырыптың өзектілігі айқын дәлелденген және диссертацияда көтерілген мәселелерді нақты шешу барысында қойылған мақсат-міндеттері, оларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған ғылыми жаңалықтар, қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар толық көрсетілген.

Диссертациялық жұмыста ізденуші ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынына қатысты көптеген зерттеу еңбектері мен әдеби-сын мақалаларын кеңінен қамти отырып, олардың ұлттық педагогика мен психологиямен байланысты қырларына мұқият назар аударғаны көрінеді. Сондай-ақ, қазақ әдеби сынының негізгі жанрларына тоқталып, ЖОО білімгерлеріне «Қазақ әдеби сыны тарихы» пәні бойынша курсты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін жасау бағытында тәжірибелер жүргізу арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізуді және оқыту үдерісінде жаңаша білім игеру құзыреттілігін қалыптастыруды мақсат еткен.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады.

Ізденуші осы ғылыми- зерттеу жұмысының негізінде бірқатар ғылыми тұжырымдар жасауға қол жеткізген.

Диссертацияның бірінші тарауы «ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сыны» деп аталып, мұнда зерттеліп отырған кезеңдегі әдебиеттану, әдеби сынның даму тенденциялары қарастырылған. Екінші «ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынын оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері» деп аталатын тарауда диссертант әдеби сынды оқытудың педагогикалық жолдары мен әдеби шығармаларды оқытудың психологиялық, философиялық негіздерін зерделеген. Бүгінгі заманауи талаптар мен жоғары білімді маман даярлаудың жаңа бағыттарын ұштастыра зерттеген. Үшінші тарауда негізінен ХХ ғасырдың екінші жартысындағы әдеби сынды оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қарастырған. Өзі ұсынған әдістемелік жүйені

эксперимент арқылы тексеріп, нәтижелерін талдаған. Зерттеу қорытындыларын жүйелеп, дәлелдеген.

Зерттеуде алға қойылған мақсат-міндеттерді орындау барысында бірқатар ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:

Бірінші ғылыми нәтижесі XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынына байланысты қазақ ғалымдарының еңбектері алғаш рет тәуелсіздік кезеңіндегі ғылыми ой-пікірлермен сабақтастырыла, салыстырыла зерттелген.

Екінші ғылыми нәтиже ретінде XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сыны дамуының ұлттық педагогика мен философия және психология негіздерімен үйлестіріле талдануын айтуға болады.

Үшінші ғылыми нәтижеге қазақ әдебиеттануы мен сынының Кеңес қоғамының идеялық және әдеби-эстетикалық санасының дамуына қосқан үлесі тарихи-салыстырмалы ғылыми пайымдаулар жасау арқылы қол жеткізілген.

Төртінші ғылыми нәтиже – Алаш зиялыларының ақталуы және тәуелсіздік қарсаңындағы әдеби сын жанрларының жетістіктері, көркем әдебиеттің ұрпақ тәрбиесіне тигізетін игі әсері туралы ғылыми пайымдаулар жасалған.

Бесінші ғылыми нәтижеде әдеби сынды оқытудың заманауи әдістемелері анықталып, оны оқыту үдерісінде қолданудың әдістемесі ұсынылған. Нәтижесінде, диссертант болашақ әдебиеттанушылардың әдеби сын курсы бойынша құзыреттілігін жетілдіру әдістемесінің тиімділігін ЖОО-да жүргізген нақты тәжірибе арқылы дәлелдей алған. Бұл ретте ізденуші білімгерлердің әдеби сын құзыреттілігін қалыптастырудың ұстанымдарын эксперименттік әдістер нәтижесімен нақтылаған. Ғылыми зерттеу еңбегінің тағы бір жетістігі – студенттер игеруі тиіс әдебиеттанымдық құзыреттіліктерді дамыту жолдарын айқындап, «Әдеби сын тарихы» курсының жұмыс оқу жоспары мен пән сиплабуларына толықтырулар енгізген. Зерттеудің мақсат-міндеттері айқын, өзектілігі мен идеясы нақты, теориялық дәйеккөздері орынды сараланған. Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негіздері дұрыс таңдалған және соған орай қолданылған зерттеу тәсілдері нақты ғылыми нәтижелер алуға жол ашқан.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін диссертацияның мазмұнынан аңғаруға болады. Жұмыста ғылыми тұжырымдар мен нәтижелерді дәйектеуде соңғы жылдарда жарық көрген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми пікірлері негізге алынып, ізденушінің жеке тұжырымдары мен тиісті қорытындылар жасалған.

Қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысы XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сыны тарихын терең зерделеген, оны оқыту әдістемесін жетілдіруге жол ашқан тәжірибе жүзінде іске асыруға мүмкіндік беретін толымды еңбек ретінде бағалаймын.

Тәуелсіздік қарсаңындағы қазақ әдеби сынының жеткен жетістіктері мен жіберген олқылықтарын дұрыс сараптап, керекті тұста одан сабақ алу жөнінен

де осындай зерттеу жұмыстарының маңызы үлкен. Бұл орайда да осы ғылыми жұмыстың жоғары дейгейде орындалғаны байқалады. Ізденушінің жазу стилі жатық, ұсынған ғылыми тұжырымдары жұмыс мазмұнына сай. Диссертацияда келтірілген ғылыми нәтижелер сілтемелермен және тиісті сала бойынша белгілі ғалымдардың ой-пікірлерімен бекітілген.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесімен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Ізденушінің ғылыми жұмысы ЖОО-да қазақ әдебиеті мамандығы бойынша әдеби сынның эстетикалық қызметі мен оның мәдени-әлеуметтік маңызын оқып-үйренудің теориялық және әдістемелік негіздерін жасау мақсат етілген. Жалпы алғанда, диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қорытындылары ғылыми жаңалық дәрежесі талапқа сай.

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сыны тарихы пәнінің негіздерін жаңаша оқыту қажеттілігі, курстың оқу-әдістемелік кешенін жетілдірудің маңызды қырлары анықталған.

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің жанрлық түрлерін сын тұрғысынан зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сараптау жасалған.

Әдеби сынды оқыту тәжірибесі бойынша қорытынды жасалып, сол бойынша әдістеменің эксперименттік нәтижелері мен жетістіктері тұжырымдалған.

«Қазақ әдеби сынының тарихы» таңдау курсына сын тарихы мен көркем әдебиет сынының ғылыми-теориялық және әдістемелік аспектілері негізделген.

Алаш қаламгерлерінің туындыларының ұрпақ тәрбиесіндегі құндылығы және рухани мұраны ғылыми оралымға енгізуде қазақ әдеби сынының ролі айқындалған.

Әдеби сынды оқыту әдіснамасын зерделеуде ұлттық педагогикамен қатар, ұлттық философия, психология ғылымдарының қызметі байланыстырыла қарастырылған.

«Қазақ әдеби сынының тарихы» курсына студенттерді инновациялық әдістер арқылы оқытудың интеллектуалды-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға басымдық берілген.

Қазақ әдебиетіндегі сын тақырыбы бойынша жүйеленген материалдар ғылыми- зерттеу жұмысы ретінде рәсімделген.

Ізденушінің тұжырымдары, жұмысының нәтижелері ғылыми жұмыстың тараулары мен тараушаларында нақты көрсетілген. Жұмыста қазақ әдеби сыны тарихын ЖОО-да оқытудың эксперименттік тәжірибелерімен қатар пән құзыреттілігін әдеби талдау арқылы негіздеу жолдары айқындалып, оны жоғары білім беру үдерісінде оқыту әдістемесі ұсынылған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Зерттеу жұмысында келтірілген қорытынды мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатқа жұмылдыра отырып дәйектелген. Әр тараудағы ой-тұжырымдар бірін-бірі толықтырып, нәтижесінде ЖОО-да филолог-әдебиеттанушылардың сыншылық құзыреттілігін көркем әдебиет мәтінін

талдау арқылы қалыптастыру мәселесі теориялық және әдістемелік тұрғыдан негізделген.

Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыстың әрбір ғылыми нәтижелері мен қорытынды-тұжырымдары бірінен-бірімен өзара тығыз байланыста көрініс тапқан. Жұмыстың әрбір тарауы мен оның тараушаларындағы пікір-пайымдаулар мен түйіндер жүйелі түрде сабақтасып жатыр.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге міндетті бағытталғандығы.

Қазақ әдеби сыны тарихы мен теориясын ЖОО-да оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалып, оны жанрлық ерекшелігіне қарай меңгертудің ғылыми-теориялық, тәжірибелік әдістемесінің жасалуы ЖОО филология факультеттері студенттерінің қазіргі қазақ әдеби сынының даму үдерісін білумен бірге, теориялық білімдерін тәжірибемен сабақтастырып, әдеби сын жанрлары туралы терең білім алуларына мүмкіндік туғызады. Әдеби сын тарихы курстарында берілетін білім жас ұрпақтың рухани-эстетикалық танымын байытуға және олардың кәсіби-интеллектуалдық тұрғыдан қалыптаса түсуіне көмектеседі.

Осы ғылыми жұмыста әдеби сын бағытындағы зерттеулерді талдау барысында тұжырымдалған ой-пікірлер мен қорытындылар қазақ әдеби сынының тарихын оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады, әдеби сынды оқытудың инновациялық әдістері мен жаңа технологиялары білім сапасын арттырады деп санаймын. Зерттеудің теориялық нәтижелері гуманитарлық бағыттардағы мамандықтарда, ЖОО-ға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жасауға ықпалын тигізеді.

Зерттеу жұмысы нәтижелерін орта мектептің әдебиет сабақтарында, ЖОО-да «Қазақ әдеби сыны тарихы» пәнінен дәріс, семинар сабақтарында, «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» пәнінде өздік жұмыстарда, факультативтік сабақтар мен секцияларда, әдебиетші-ұстаздардың білімін жетілдіру курстарында пайдалануға болады.

Диссертанттың жүргізген зерттеу нәтижелерінің қорытындысы әдебиеттану, педагогика, психология, әдебиетті оқыту әдістемесі пәндерінің жақын келешектегі зерттеу жұмыстарына оң ықпал етеді деп ойлаймын.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Зерттеу жұмысының тарауларындағы көркем әдебиет сыны мен оны оқыту әдістемесіне қатысты зерттеу тұжырымдары ғылыми-практикалық, халықаралық ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндалып, талданған. Автордың ой-пікірлері түрлі деңгейдегі ғылыми конференция жинақтары мен шетелдік және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен республикалық басылымдарда жарияланған. Жарияланған мақалалар диссертация мазмұнына сай жазылған.

8. Диссертацияның мазмұны мен жазылуы жағынан кездескен кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыс нәтижесінде ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақ әдеби сыны тарихын оқытуды заман талабына сай жетілдіру қажеттілігі, курстың оқу-әдістемелік кешенін кредиттік оқыту талаптарына сай толықтырудың маңыздылығы айқындалып, сол бойынша әдістеменің эксперименттік нәтижелері мен жетістіктері тұжырымдалғанын, сын тарихы мен көркем әдебиет сынының ғылыми-теориялық және әдістемелік аспектілері негізделгенін атай отырып, оның мазмұны мен құрылымына қатысты төмендегідей ұсыныс-ескертпелерді атап көрсеткенді жөн санаймыз:

1. Диссертацияның «Сын және әдеби байланыстар» тараушасында көршілес қырғыз әдебиеті өкілдерін арнайы тоқталғанда жұмыс мазмұны толығы түсер еді.

2. Зерттеу еңбегінде әдеби сын тарихының өзге кезеңдермен байланысы кеңірек ашылғанда, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби сынының ерекшелігі ашыла түсер еді.

Десек те, көрсетілген сын-ескертпелер диссертациялық зерттеудің мазмұнына, аталған ғылыми жұмыстың теориялық және әдістемелік құндылығына нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі. Диссертациялық жұмыс жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес жазылған. Ғылыми жұмысқа қойылатын стандартты талаптар толықтай сақталған. Махаш Гаухар Абдуғаппарқызының қорғауға ұсынып отырған «ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ әдеби сыны және оны оқыту әдістемесі (1960-1990 жылдар)» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Қорытып айтқанда, аталған диссертациясы үшін Махаш Гаухар Абдуғаппарқызы 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп бағалаймын.

Рецензент:

**Қырғыз Білім академиясы
қырғыз тілі мен әдебиеті
лабораториясының меңгерушісі,
п.ғ.д., профессор**

 **Рысбаев С.Қ.**

